

**Елек негізгі орта мектебі бойынша «Ойдария» дебат
клубының есебі**

«*Ұшқыр ой алаңы*» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте «ОЙДАРИЯ» дебат клубы құрылып, бұйрық бойынша мүшелері сайланып, жоспары жасалып, бекітілді. Елек негізгі орта мектебінің «Ойдария» дебат клубы фракциясы аудандық, облыстық сайыстарға қатысып жүр. Жетекшісі А.А.Шатаева.

2021-2022 оқу жылында «Ойдария» дебат клубының мүшелерімен «АПФ: Қашықтықтан оқытудың пайдасы мен зияны», «Фаламтордың пайдасы мен зияны», «Пара берумен қалай құресуге болады?» тақырыптарында мектепішілік дебат ойындары өткізілген. Дебат клубының мүшелері арасында Қазақстан республикасының тәіуелсіздігінің 30 жылдығына «Диолог жүргізу мәдениеті» тақырыбында мектепішілік дәңгелек үстел өткізілді. 2021 жылы аудандық «Қазақстанның болашагы – жастардың қолында» атты пікірсайыс турнирінде белсенділік танытқаны үшін 9 сынып окушысы Тобаниязова Жанат, 8-сынып окушысы Тұралы Әділ дипломмен марапатталды. 1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп окушыларының арасындағы аудандық дебат турнирде Тұралы Әділ мен Абилгазина Томирис алғыс хатқа ие болған және «Ұздік ойыншы» номинациясы бойынша марапатталған.

2022-2023 оқу жылында мектепте «ОЙДАРИЯ» дебат клубының мүшелері құрылып, жоспары жасалып, бекітілген. Дебат аудандық пікірсайыстарға қатысқан.

«Әлеуметтік желіде отырып жастар не ұтады?», «Жастардың бойынша патриотизмді арнайы тәрбиелеу қажет пе? Алда тұрудың үш артықшылығы», «Болашақ мамандық туралы мектеп табалдырығынан бастап ойлау керек», «Жастардың сөз мәдениеті. Сөздің шұбары тілдің құнарын бұзады» тақырыптарында мектепішілік пікірсайыстар және «Ең ұздік көшбасшы!» дебат мүшелері арасында пікірсайыс өткізілген. «Ұшқыр ой алаңы» мәдени-білім беру жобасы аясында «Ел болашагы жастардың қолында» атты 8-9 сынып окушылары арасында аудандық пікірсайыста «Ойдария» фракциясы «Ұздік делегация» номинациясымен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес Тілдер күніне орай «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты тақырыпта пікіралмасу өткізіліп, екі топта тартысты ойын көрсөтті. Спикерлер өз ойларын нақты дәлелдермен жеткізді. Жеңімпаз топ анықталып марапатталды. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» мектепішілік турнир, «Қатігездік және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық акциясы аясында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектепішілік пікірсайыс, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Алаш қозғалысының қайраткері, ақын М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына байланысты мектепішілік турнир өткізілді. Окушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны және кітап туралы мағлұмат бере отырып, жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге үрету, ой-өрісін дамыту мақсатында «Кітап оқыған тиімді ме, әлде ғаламтор ма?» пікірсайыс, Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды», «Сөз өнері қазына», «Мемлекеттік рәміздер - ұлттың мақтанышы», «Галамтор кітапты алмастыра алмайды», «Балаға мамандықты ата-ананың таңдауы дұрыс па?» тақырыптарында мектепішілік дебат ойындары өткізілді.

8-сынып окушылары Кәдірбек Аяулым және Кереев Сапарали «Жаңа Қазақстан – Екінші Республика: Жастар жарқын өмірді қалайды» тақырыбындағы аудандық турнирге қатысып, мақтау қағазымен марапатталды.



Мектеп директорының мәдениет жөнүндө ойларынан
Байгазы М.О.

Дебат жетекшісі: Шатаева А.А.

